

## Қарақия ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышының кейбір мәселелері туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2017 жылғы 4 тамыздағы № 11/144 шешімі мен Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 тамыздағы № 188 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 қыркүйекте № 3421 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң                    е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңына сәйкес және Қарақия аудандық мәслихаты мен Қарақия ауданы әкімдігінің пікірлерін ескере отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Сенек селосының мемлекеттік тіліндегі атауы "Сенек ауылы" болып өзгертулсін.
2. Бостан селосының мемлекеттік тіліндегі атауы "Бостан ауылы" болып өзгертулсін.
3. Құланды селосының мемлекеттік тіліндегі атауы "Құланды ауылы" болып өзгертулсін.
4. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (бас инспектор А. Ерболов) осы бірлескен қаулы мен шешімнің (бұдан әрі – қаулы мен шешім) әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Г. Нұргазиеваға жүктелсін.
6. Осы қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Сессия төрагасы

Облыстық мәслихат хатшысы

E. Тогжанов

К. Әбдірахман

Б. Жусіпов